

Тасқала ауданының Шежін-2 ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Шежін ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 сәуірде № 3504 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Шежін ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Шежін ауылдық округі әкімінің 09.12.2015 № 8 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі " Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Тасқала аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2014 жылғы 4 наурыздағы № 69 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқала ауданының Шежін-2 ауылы аумағында мүйізді ірі қара малынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Т. Шакиров